

# ДӘРДІС

дидаres

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ ГАЗЕТ

1999 жылдан бастап шығады

№07 (77). 2008 жыл. 23 қыркүйек

# Кәрітау қалғандайсын дүр сілкініп...

(Ерейментауда Үмбетей Жырауға  
Ескерткіш ашу салтанатына орай)

Үмбетей Баба болды-ау  
жүрген ұшып...,  
«Қонуга келе жатқан жерін құшып».  
Бөкең ерді көргендеге тұлпар мінген,  
Жайгасқан тұғырына көктен түсіп.

Сол мезетте Кәрітау жатқан мұлғіп,  
Селт еткендей көрінді «Үмбетейлеп».  
Ағдін таудан қол жайып Асан Қайғы,  
Тұрғандай «Ереймен ел жасай  
бер» деп.

Бар тіршілік бұларға «моіын бұрып»,  
Тыңдағандай дүбірді «құлақ түріп».  
Аң мен құс ойнақ салып маңайдагы,  
Толықсиды өзен, көл тұрған тұнып.

Табиғат сол мезетте бір құлпырып,  
Куанышқа хош айтып, тұрды күліп.  
«Ақтабан-шұбырынды» құрбандары,  
«Тәуба» десті иғі іске дүр сілкініп.

Үмбетей Бөгөнбаймен тізе қосып,  
Соққы берген жауына жсолын тосып.  
Атанған «Жорық жырау» ел ішінде,  
Абылайдың алдында мәреійі өсіп.

Намыс отын ерлердің кекке жсанып,  
Жасын жырмен жүрекке  
берген жарық.  
Ерлігін Бөгөнбайдың дастан қылып,  
Қалдырған шежіреде жырмен жазып.

Келер ұрпақ Жантайга масаттанып,  
Жырга қосты жүрсін деп үлгі алып.  
Бес жүз қолмен он мыңға  
ойран салған,  
Артынан қашқан жаудың қуып  
барып.

Кейде азамат ісіне қайран қалып,  
Келеңсіз мінезіне жүрді налып.  
Терең ойлы, уытты жырларымен,  
Тыюышы еді тентекті тезге салып.

Ел-жүрті Ереймennің риза болып,  
Мереке жасап жатыр көңлі толып.  
Бабаның Ұлы тойын ұлықтауга,  
Шақырған ағайынды түгел шолып.

Хас батыр - ердің ері тұган асып.  
Қанды көйлек досымен түр жарасып.  
Әруағын қос алыптың аспандатқан,  
Ұрпағы жасай берсін нұры тасып!.

Мұрат Мұсайбекұлы Әbdірахманов,

Үмбетей Жыраудың

алтыншы ұрпағы.

Кереку - Ерейментау

22. 08.2010 жыл.